

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Байкулова Айгерим Мейрхановнаның «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

ІШКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемнің озық отыз елінің қатарына енуі жағдайында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу қажеттілігі бүгінгі білім беру саласын жаңғыртуды, жаңартуды, жандандыруды, әлеуметтендіруді, инновациялық технологиялармен қамтамасыздандыруды талап етуде. Осыған орай білім беру саласында заманауи жасалып жатқан реформалар ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтардың білімді де білгір, ісмер де іскер, азаматтық белсенділігі мен шығармашылығы қалыптасқан, өздеріне жауапкершілік ала алатын, өздігінен шешімдер қабылдай білетін, стратегиялық мақсаттар қоя отырып, оларға қол жеткізе алатын болып тәрбиеленуін алдыңғы қатарға шығарады. Ал, бұл болса оқушылар арасынан отанға, қоғамға қызмет ететін, әлеуметтік топқа ықпал ете алатын, оларды жарқын болашаққа жетелей алатын гумандық бағыттағы көшбасшылар тәрбиелеу қажеттігін арттыра түседі.

Оның үстіне жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінің осындай мүмкіндіктерге ие екендігі және жасөспірімдердің өтпелі кезеңінде олардың жаңалыққа құштарлығы мен өзіндік ұйымдастырушылыққа ұмтылысының, жекелік мінез-құлқын қалыптастыруға талпынысының басымдылығы оқушылардың мектептің тәрбие ортасында лидерлікке тәрбиелену әлеуетінің жоғарылығын дәлелдейді.

Осы айтылғанның бәрінің ұсынылып отырған зерттеу проблемасына тікелей қатысы бар. Өйткені жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеуді жалпы білім беретін мектептің тәрбие ортасында жүзеге асыру оларды кешенді дамытып қана қоймай, өзінің соңынан топты ерте алатын, оларға мәнді ықпал ететін, терең адамгершілікті, аса білімдар, жаңашыл оқушы, белсенді ұйымдастырушы, жауапты орындаушы, ақыл-ойы ұшқыр топ жетекшісі, шығармашылықты тұлға, қырағы стратег болуын мүмкін етеді.

Осы тұрғыдан алғанда Байкулова Айгерим Мейрхановнаның ұсынып отырған диссертациялық зерттеуін қоғамның сұранысынан шығатын, заман талабына сай, дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек деуге болады. Оны диссертацияның мазмұны айғақтайды.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген.

1. Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеуді теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеген. «Лидер», «лидерлік» ұғымдарының мәнін нақтылаған.

2. Оқушы лидер ұғымына анықтама берген. Оқушы лидер тұлғасының құрылымын жасаған және оған сипаттама берген.

3. Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің мәні мен құрылымын анықтаған. Сондай-ақ, оның құрылымдық мазмұнын жасаған. Лидерлікке даярлығының өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындаған.

4. Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің технологиясын жасаған және оны ендіру бойынша ұсыныстар берген.

Осы аталған ғылыми нәтижелердің негізділігімен шынайылығы ізденушінің философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдары саласында лидерлік және оның типі мен түрлері, стилі мен рөлі бойынша орындалған шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге талдау беруімен; лидер, лидерлік, лидерлікке даярлық түсініктерін нақтылауымен; оқушы лидер тұлғасын дәлелді негіздеуімен; жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің құрылымдық мазмұнын анықтауымен және оны негізді сипаттауымен; жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің технологиясын жасауымен, оқушының лидерлік сапасының бүгінгі заман талабы сұранысынан шығуымен және оны оқу-тәрбие үдерісіне ендірумен айқындалады.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жоғарыда аталған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығына тоқталатын болсақ, ізденуші философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау арқылы лидерлік проблемасының зерттелу деңгейіне аса мән берген. Соның негізінде Қазақстанда жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу бағытында лидерлік мәселесінің зерттелмегенін анықтаған және оның зерттелу қажеттігін дәлелді негіздеген. Ғылыми әдебиеттерде бірқатар лидерлік теориялардың (*болмыс теориясы, жағдаяттық теория, лидер рөлін анықтау теориясы, кешенді теория және т.б.*) қалыптасқандығын көрсеткен. Лидер мен басшының арасында ұқсастықтармен қатар негізгі айырмашылықтардың бар екендігін және оларды оқушылар арасындағы лидерлік мәселесін зерттеп-тануда есепке алу керектігін негіздеген. «Лидер», «лидерлік» ұғымдарына терең бойлауы арқылы осы ұғымдардың мәнін нақтылаған. (Дисс.: 1.1.1). Оқушылардың жеткіншек шағында лидерлікке даярлығын тәрбиелеу мүмкіндіктерінің жоғарылығын, олардың жас кезеңі мен физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін талдау негізінде дәлелді сипаттаған (Дисс.: 1.1.2). Бұл, айтылғанның бәрі, *біріншіден,* диссертанттың зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негізін жетік меңгергенін айғақтаса, *екіншіден,* зерттеудің *бірінші нәтижесінің жаңа* екендігін дәлелдейді.

Докторанттың екінші қол жеткізген нәтижесі де – жаңа. Ол оқушы лидер тұлғасының мәнін ашуда Түркі ғұлама ойшылдары еңбектеріндегі харизматикалық лидер тұлғасын зерттеуі мен оның нәтижелерін негізге алуы көңілге қонымды шыққан (Дисс.: 2.1.1). Өйткені, диссертанттың шетелдік лидерлік теорияларды талдай отырып, төл ғылымға терең бойлауы оның жан-жақтылығын, қазақстандық, соның ішінде тарихи тұжырымды ойларға аса мән бергендігін көрсетеді. Оған қоса лидерліктің типтері, түрлері, стильдері, рөлдері мәселесі мен оқушы тұлғасы қарастырылған еңбектерді талдап зерттеуі оқушы лидердің құрылымын анықтауға, оның мазмұнын жасауға, сондай-ақ оқушы лидер ұғымына «оқушы лидер формальды емес типтегі, демократиялық стильдегі, гумандық бағыттағы, жетекші, ұйымдастырушы, эмоционалдық реттеуші, шешен, шебер, орындаушы рөліндегі; ұйымдастырушылық, коммуникативтік, тұлғалық, интеллектуалдық сапаларға ие әлеуетті-жағдаяттық-өзекті лидер іс-әрекеттерін жүзеге асыра алатын топ мүшесі» деп анықтама беруге мүмкіндік берген (Дисс.: 2.1.2.).

Зерттеудің үшінші нәтижесінің жаңалығы сол, ізденуші «даярлық» ұғымы зерттелген еңбектерді жан-жақты талдау нәтижесінде «*даярлықты* тұлғаның ұстанымдық іс-әрекетін жүзеге асыруға қажетті қасиеттері мен сапаларын белгілі бір құрылым негізінде қалыптастыруға бағытталған үдеріс» деп анықтаған. Ал *лидерлікке даярлықты* лидерліктің табыстылығын анықтайтын тұлғаның құндылықтық, танымдық, іс-әрекеттік құрамдарын жеке тәжірибесінде жүзеге асыруға дайын болуы, деп тұжырымдаған. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығының аталған компоненттеріне сәйкес өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындаған. Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығының құрылымдық мазмұны мақсаттық, диагностикалық, мазмұндық, процессуалдық және нәтижелік құрамдас бөліктерден тұрады. Онда көрсетілген лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің тұғырлары, мазмұны, технологиясы, бағалау өлшемдері аса қызығушылық тудырады (Дисс.: 2.2.).

Төртінші нәтижесі де жаңа, өйткені ізденуші жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу технологиясын жасаған. Аталған технологияның ұтымдылығы мен кеңдігі және жүйелігі оның психологиялық-педагогикалық шарттарын және даярлау кезеңдерін (*лидерлікке бейімділік, лидерлікке даярлық, оқушы лидер қалыптастыру*), аталған даярлықты жүзеге асырудың мазмұнын, әдістері мен құралдарын және формаларын қамтуымен ерекшеленеді. Докторанттың технологияны түсіндіру барысында оның әдістемеден кеңдігін негіздеуі де көңілге қонымды шыққан. Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің психологиялық шарттарын - *өзін-өзі басқару, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі жетілдіру*) деп, ал педагогикалық шарттарын - *сынып сағатын тиімді пайдалану; сабақтан тыс және сыныптан тыс тәрбие іс-әрекеттерін кіріктірумен бірегей кеңістік құру; интербелсенді технологияларды қолдану; тәлімгерлік жүйені ендіру; мектеп жағдайында шығармашылық топтар, «Көшбасшылар мектебін» құру* деп көрсетуін қолдауға әбден болады (Дисс.: 3.1.1.).

Осы технологияны жүзеге асыру барысында «Біз – болашақ лидерміз» бағдарламасы, Тәлімгерлік жүйесі ережесі, ойын-жаттығулар мен тренингтер жинағы, Көшбасшылар мектебінің іс-шаралар жоспары осы проблеманы тиімді шешуге ықпал етеді.

4. Изденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арнап жазылған бұл диссертацияның педагогика ғылымы үшін маңызы өте жоғары. Өйткені, зерттеуде педагогика және психология мамандығы саласының бүгінгі таңдағы аса бір көкейкесті проблемасы алғаш рет шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика теориясында да, практикасында да үлкен сеніммен пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 12 (он екі) шетелдік және отандық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерде жарық көріп, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған.

Атап айтқанда «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы республикалық басылымдарында, «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Психология ғылымдары» сериясы республикалық басылымдарында, «Interchange» және «International Electronic Journal of Mathematics Education» атты нәлдік емес импакт факторлы журналдарда, «International Scientific and Practical Conference WORLD Science "The Goals of the WORLD Science 2015"» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» атты VIII жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясында, «Мәңгілік ел жағдайындағы Қазақстандағы психология ғылымының қазіргі жай-күйі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция мен «Научная дискуссия: вопросы педагогики и психологии» атты XLVIII халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда басылым көрген.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертация мазмұнына, рәсімделуіне байланысты мынадай кемшіліктер мен ұсыныстар айтқымыз келеді:

1. Изденушінің М.Б.Қасымбеков, Е.Е.Ертысбаев еңбектерінде Елбасының саясат, өмір, еңбек саласындағы лидерлік сапаларының жан-жақты баяндалғанын атап көрсеткені өте орынды. Әйтсе де осы еңбектерге тереңірек талдау жасағанда артық болмас еді.

2. Диссертанттың жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу барысында пайдаланған ойын, тренинг түрлері ұтымды шыққан.

Алайда, зерттеу жұмысында оның мазмұны толық қамтылғанда еңбектің практикалық құндылығы арта түскен болар еді.

3. Диссертацияның кей жерлерінде грамматикалық, стилистикалық қателер де кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Сонымен Байкулова Айгерим Мейрхановнаның «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Рецензент:

**Сулейман Демирел атындағы
Университеттің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**



Сейткулов Н.А.